

Наркоманиямен күресуге бағытталған заңдарды қолдануға байланысты сот тәжірибесі туралы

Күші жойған

Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумының 1986 жылғы 10 қазандағы N 16 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 1998 жылғы 14 мамырдағы N 3 Қаулысымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 1998.05.14 N 3 Қаулысымен.

Қазақ ССР Жоғарғы Соты Пленумы наркоманиямен күресуге бағытталған заңдарды қолдануға байланысты сот практикасын талқылап, республика соттарының бұл заңдарды негізінен дұрыс қолданылуын қамтамасыз етіп отырғанын атап өтеді.

Сонымен қатар сот жұмысында елеулі кемшіліктер бар.

Соттар наркоманияның таралуының қоғамға қауіптілігін жете ескермейді. Бұл мәселе жөніндегі заң талабы, СССР Жоғарғы Соты Пленумының басшылық нұсқаулары толық орындалмай келеді, Қазақ ССР Жоғарғы Соты Пленумының бұдан бұрын қабылданған қаулыларында көрсетілген қателер баяу жойылуда. Соттардың қолданып отырған шаралары наркоманиямен күресу ісіне тиісті әсер етпеуде. Көп істер бойынша дәлелдемелерді толық және жан-жақты тексеру қамтамасыз етілмейді, наркотикалық нәрселердің қайдан алынғаны көбінесе айқындалмайды, қылмысқа қатысы бар адамдардың барлығы қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Қаралған істердің көбінде соттар наркотикалық нәрселерді ұрлау, заңсыз даярлау, алу, сақтау, тасу құрамында наркотикалық нәрселер бар егуге немесе өсіруге тыйым салынған дақылдарды егу не өсіру мақсатын анықтамайды.

Егуге тыйым салынған дақылдарды еккені туралы істерді қарағанда соттар егістік жердің заңды түрде пайдалануға берілгенін немесе берілмегенін анықтамайды.

Кейде соттар өндірісіне криминалистикалық экспертизаның практикалық нәрселерге, күшті әсерлі және улы заттарға жасалатын қорытындысы жоқ істерді қабылдайды. Қорытынды болғанның өзінде де оған әрдайым тиісті баға беріп отырмайды.

Қылмысты квалификациялауда да қателер жіберілуде. Соттар негіз бар жағдайда да наркоманиямен ауру деп танылған адамдарға ықтиярсыз емдеуді әрдайым тағайындамайды, жауаптылыққа тартылмаған наркотикалық нәрселерді

пайдаланатын адамдар туралы денсаулық сақтау, ішкі істер мекемелеріне, қоғамдық ұйымдар мен еңбек коллективтеріне көбінесе хабарламайды.

Айғақты заттарды сақтау ережелерін бұзу, олардың тағдырын шешпеу фактілері де аз емес.

Наркоманиямен ауырған адамдарды емдеу-еңбек профилакторияларына жіберу практикасында кемшіліктер бар. Ықтиярсыз емдеудің заңда көрсетілген жағдайларын соттар үстіртін анықтайды. Емдеу-еңбек профилакторияларына әрекеттерінде қылмыстық белгілері бар адамдарды жіберу фактілері кездесуде.

Көптеген істер бойынша соттар қылмыс жасауға, наркотиктер пайдалануға мүмкіндік туғызған себеппен жағдайларды анықтауға заңда көрсетілген шараларды қолданбайды, оларды жою туралы жеке ұйғаруларды аз шығарады және де бұл документтердің сапасы заң талабына сай емес. Бұл категорияға жататын істерді қарағанда соттар оған жұртшылықтың өкілдерін қатыстырмайды.

Облыстық және Алматы қалалық соттар аудандық (қалалық) халық соттарының наркоманиямен күресуге бағытталған заңдарды сақтауын жете қадағаламайды, оларға тиісті практикалық көмек бермейді.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Пленумы

Қаулы етеді:

1. Наркотикалық нәрселерді, күшті әсерлі және улы заттарды ұрлауға, заңсыз даярлауға, алуға, сақтауға, таратуға, құрамында наркотикалық нәрселер болатындықтан егуге және өсіруге тыйым салынған дақылдарды егіп және өсіруге, мұндай заттарды пайдалануға притон ұстаушылыққа қарсы күресті күшейту қажет екендігіне соттардың назары аударылсын.

Соттар осы категорияға жататын істерді қарағанда наркоманиямен күресуге бағытталған заңдарды, осы мәселе жөнінде СССР Жоғарғы Соты және Қазақ ССР Жоғарғы Сотының түсіндірмелерін қатаң сақтауға міндетті.

2. Соттар наркотикалық нәрселердің қайдан алынғанын анықтау және қылмысқа қатысы бар барлық адамдарды жауапқа тарту мақсатында істердің сотта қарау дәрежесін көтеріп, дәлелдемелердің толық, жан-жақты зерттелуін қамтамасыз етуі керек.

Ықтиярсыз емдеуге жіберу туралы істерді қарағанда адамдарды наркоманияға жеткізген нақты және объективті жағдайлар анықталуға тиіс.

Естияр адамдардың жасы толмағандарды наркотикалық нәрселерді пайдалануға тарту әрекетінің қоғамға аса қауіпті екенін ескере отырып, соттар естияр адамдардың ролін, олардың жасы толмағандарға ықпалының қаншалықты екенін анықтап және осы жағдайларды жаза тағайындағанда ескеруі қажет.

3. Наркотикалық нәрселерді ұрлауды, заңсыз даярлауды, сақтауды, алуды, тасуды, басқаға жіберуді бағалау үшін кінәлінің көзделген мақсатының (жеке

мүддесіне пайдалану, өткізу) елеулі маңызы бар болғандықтан соттар әрбір істі қарағанда осы әрекеттер қандай мақсатта жасалғанын дәйектеп отыруы қажет.

4. Қылмыстық әрекеттерге қатысты заттар мен өсімдіктердің түрін анықтау қажеттілігіне байланысты соттар Қазақ ССР ҚК-нің 213, 213-1, 213-2, 214, 214-1, 214-2, 2-бөлігі, 215-1 статьяларында көрсетілген қылмыстық істерді қарағанда криминалистикалық экспертизаның қорытындысын алып, оны басқа да дәлелдемелермен қатар бағалауға тиіс.

5. Соттарға құрамында наркотик бар өсімдіктерді немесе өсімдік бөліктерін (апиын, көкнәрі, шоқпарбас гүлі, сабаншасы, сора сабағы, жапырағы) ұрлау, заңсыз алу, сақтау туралы істер бойынша ұрлауға даярлықты, ұрлауға оқталуды немесе аяқталған қылмысты бір бірінен ажыратқанда қылмыстың нақты жағдайларын, өсімдіктердің қасиетін, олардың пайдалануға қаншалықты дайындаған, қылмыстың жасалу стадиясын және тағы да сондай жағдайларды ескеру қажет екендігін түсіндіреді. Мұндайда СССР Жоғарғы Соты Пленумының түсіндіріміне сай құрамында наркотигі бар өсімдік немесе өсімдік бөліктерін өткізу мақсатында немесе бұл мақсатсыз ұрлауды, заңсыз алуды, сақтауды, тасуды не басқаға жіберуді, сондай-ақ, өткізуді аяқталған қылмыс ретінде қарау керек.

6. Құрамында наркотикалық нәрселер болатындықтан егуге немесе өсіруге тиым салынған өсімдіктерді еккен немесе өсірген және оларды кейінге сақтаған, тасыған, жіберген немесе өткізген адамдардың әрекеттері ҚК-тің 213 және 214 статьясымен, ал мұндай дақылдарды егуге жерді өз бетімен иемденіп алғаны анықталған жағдайда ҚК-тің 156-статьясының 2-бөлігімен қоса квалификацияланады.

7. Наркотикалық нәрселерді ұрлап кейінге сақтаған, тасыған, өткізу мақсатында немесе бұл мақсатсыз басқаға жіберген, сонымен қатар оны өткізген адамдар ҚК-тің 213-1, 214-статьялары жиынтығымен жауапқа тартылуға тиіс.

8. Наркотик нәрселердің мөлшерін анықтаған кезде оның көлемін, салмағын, оның адам организміне әсер ету дәрежесі жағынан қасиетін есепке алып, СССР Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Наркотиктерді бақылау жөніндегі тұрақты комитет әзірлеп жасаған ұсыныстарды ескеру керек. Егер заңсыз әрекеттер әртүрлі наркотиктермен байланысты болса, олардың мөлшері жалпы санына сәйкес анықталуға тиіс.

9. Наркотикалық нәрселерді өздері ұйымдастырған притондарда немесе осы мақсатқа берілген үй-жайда өткізген адамдардың әрекеттері ҚК-тің 214-статьясы және 215-1 статьяның 2-бөлігі жиынтықтарымен бағаланады.

10. Наркотикалық нәрселерді жасы толмағандарға өткізуші естияр адамдар, демек оларды қылмыс істеуге тартушылар (наркотикалық заттарды алу) ҚК-тің 214-статьясын және 201-статьясының 1-бөлігімен, ал жасы толмағандарды

наркотикалық заттарды қолдануға азғыру фактілері анықталса ҚК-тің 213-2-статьясының 2-бөлігімен қосымша жауаптылыққа жатады.

11. Наркоманиямен ауру деп танылған адамға жаза тағайындағанда ҚК-тің 12-статьясына сәйкес соттар ықтиярсыз емдеу мәселесін қолдануды талқылауы керек.

12. Соттар наркомания туралы істер бойынша үкім қабылдағанда айғақты заттардың тағдырына байланысты мәселелерді Қазақ ССР ҚІЖК-нің 60-статьясына және СССР Юстиция Министрінің 1975-жылғы 11-декабрьдегі N 29 бұйрығы мен бекітілген соттардағы айғақты заттарды қабылдау, есепке алу, сақтау тәртібінің ережесіне сәйкес шешуге міндетті.

13. Наркоманиямен ауру адамдарды емдеу-еңбек профилакторияларына жіберу туралы істерді қарағанда соттардың қол астында ықтиярсыз емдеудің қажетті және емдеуге денсаулығы жарамдылығы жөнінде дәрігердің тиісті қорытындысы болуы керек. Емдеу-еңбек профилакторияларына бұл мекемеде болуына кедергі болатын сырқаты бар, сондай-ақ, іс әрекетінде қылмыстың белгісі бар адамдарды жіберуге мүлде болмайды. Әрекеттерінде қылмыстың белгілері бар адамдар туралы мәселені шешу үшін сот қылмыстық іс қорғау туралы ұйғару шығарады немесе материалды анықтама жүргізетін не алдын ала тергеу органдарына жібереді.

Заң мағынасында ықтиярсыз емдеу және еңбекпен қайта тәрбиелеуге тағайындалған мерзім наркоманиямен ауырған адамның емдеу-еңбек профилакториясында болатын уақыты деп қаралады. Сондықтан осы мерзім адамды емдеу-еңбек профилакториясына орналастырған күннен бастап есептеледі, бұл сот қаулысының қорытынды бөлігінде көрсетілуге тиісті.

14. Наркоманиямен күресуге бағытталған заңдарды қолданылған істерді қарағанда соттар заңда келтірілген шараларды қолданып наркотикалық нәрселердің қайдан алынғанын, қылмыс жасау себебін және оған мүмкіндік туғызған жағдайларды анықтауға, олар жөнінде жеке ұйғару шығаруға тиіс. Демек, соттар дәрігерлік мекемелер мен аптекалардағы наркотикалық нәрселердің, күшті әсерлі және улы заттардың сақталуы мәселелерін, жер пайдалануын бақылау, шаруашылықтардың жабайы сораны жоюы туралы тағы басқа сондай мәселелерді анықтауы керек. Істі сотта қарағанда жұртшылықтың өкілдерін кеңінен қатыстыру қажет.

15. Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі коллегиясы, облыстық және Алматы қалалық соттар бұл категорияға жататын істердің дер кезінде және дұрыс қаралуын қадағалауды күшейте түссін.

16. Осы қаулыны қабылдауға байланысты Қазақ ССР Жоғарғы Соты Пленумының 1965-жылғы 28-сентябрьде N 6 "Алкоголизм және наркоманиямен күресуге бағытталған заңдарды қолдануға байланысты сот практикасы туралы"

және бұған 1967-жылғы 26-сентябрьдегі N 9, 1978-жылғы 23-мартындағы N 7, 1984-жылғы 29-июньдегі N 6 Пленум қаулыларымен енгізілген қосымшалар мен өзгерістер және Қазақ ССР Жоғарғы Сотының 1983 жылғы 20-июньдегі N 9 " Наркоманиямен күресуге бағытталған заңдарды қолдануға байланысты сот практикасы" туралы Пленум қаулылары күшін жойды деп саналсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК